

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«17» сәуір 2026 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ **МАГИСТРАТУРА**
- ✓ **М030 ЭСТРАДА ӨНЕРІ**
- ✓ **«7М02181 Эстрада өнері-эстрада вокалісі» білім беру бағдарламасы**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Эстрада өнері»	7М02181 «Эстрада өнері – эстрада вокалісі»	Қазақ Орыс	Білім беру бағдарламасы «Эстрада өнері-эстрада вокалісі»/мамандандыру «Эстрадалық-джаз ән салу»	75 грант және ақылы

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

• **Мамандық бойынша емтиханға қойылатын талаптар:**

Мамандық бойынша емтихан тиісті деңгейдегі күрделілік пен көлемді бағдарламаны жатқа орындауды білдіреді:

- Интонация және тембр, есту және метр-ырғақтық қабілеттерін тексеру мақсатында қазақ халық әні немесе қазақ халық композиторларының әндері. Заманауи, кәсіби қазақстандық және кеңестік композиторлардың әндеріне рұқсат етілмейді!!!
- Әлемдік хит минуспен;
- Өз репертуарындағы авторлық ән/немесе халық әндерінің/халық композиторларының әндерінің/кеңестік казак композиторларының әндеріне авторлық өңдеу;
- Қазақстандық автордың әні қазақ тілінде минуспен;
- Джаз стандарты «скэт» импровизациясымен минуспен.

P.S. Комиссияның шешімі бойынша 1 шумақ пен қайырмадан кейін орындалу тоқтатылу мүмкін.

1.1 Сұрақ-жауап билеттер негізінде (ауызша)

Сұрақ-жауап – музыкалық орындаушылық саласындағы білімді және бакалавриат/специалитет деңгейінде алған білімді тексерудің ауызша түрі.

Сұрақтар келесі мәліметтерді қамтуы мүмкін:

- бакалавриат/специалитет бағдарламасының эстрадалық музыкалық әдістемесі бойынша білім;
- мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім;
- бакалавриат/специалитет эстрадалық музыкалық білім деңгейіндегі музыкалық терминдер мен жалпы теориялық мәселелерді білу;
- емтиханда орындалатын шығармалардың бірі туралы айта білу: стиль, интерпретация және басқа да ерекшеліктері жайлы.

o MEMЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МАГИСТРАТУРАҒА ОҚУҒА ТҮСУГЕ МІНДЕТТІ ҰСЫНЫМЫ АҒЫМДАҒЫ ТҮЛЕКТЕРГЕ, ЯҒНИ, 2024 ЖЫЛДАН БАСТАП АЯҚТАҒАНДАРҒА. 2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БІТІРГЕН ТҮЛЕКТЕР «ЭСТРАДА ӨНЕРІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫНА СӘЙКЕС ҚАБЫЛДАНАДЫ.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫҢ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТ.

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
- 4 Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
 - Интервал – бір;
 - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;
 - Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Бағалаудың	Бағалау критерийлері	Бағалаудың	Бағалау критерийлері
------------	----------------------	------------	----------------------

балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	<i>I шығармашылық емтихан</i>	балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	<i>II шығармашылық емтихан</i>
32-35	Өртүрлі стильдегі шығармаларды интерпретациялауда жарқын тұлғалық, кең білім, дағдылар мен икемділіктер үйлесетін көркем орындау: орындалатын шығарманың мазмұнын, формасы мен стилін талдай білу, көркем образды бейнелеуде ұтымды орындау тәсілдерін меңгеру.	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 25 бет).
28-31	Орындалған шығармалардың көркем бейнесін сенімді түсіндіру. Орындалып жатқан шығарманың мазмұнын, формасы мен стилін сапалы талдай білу, көркем образды бейнелеуде ұтымды орындау тәсілдерін меңгеру.	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Өртүрлі стильдегі шығармаларды түсіндіруде терең білім, біліктілік және дағдының жеткіліксіздігі: орындалатын шығарманың мазмұнын, формасы мен стилін сапалы талдай білу, көркем образды бейнелеу үшін ұтымды орындау тәсілдерін меңгеру.	24-27	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
20-23	Техникалық қателермен жеткіліксіз сенімсіз орындаушылық. Орындалатын шығарманың мазмұнына, формасына және стиліне үстірт талдау жасау, көркем образды бейнелеу үшін орындау техникасының сәйкестігі жоқ.	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
16-19	Жарқын орындаушылық даралықтың жоктығы, әртүрлі стильдегі шығармаларды интерпретациялауға	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының

	білім, біліктілік және дағдының жеткіліксіздігі. Мәтіндік қателер, эстрадалық вокал техникасын және дыбыс сапасын жеткіліксіз меңгерген.		жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-15	Өртүрлі стильдегі шығармаларды түсіндіруде білім, білік және дағдының жеткіліксіздігі: орындалып жатқан шығарманың мазмұнына, формасына және стиліне сапалы кәсіби талдау жасамау, көркем бейнені бейнелеу үшін ұтымды орындау тәсілдерін жеткілікті меңгермеу.	12-15	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-11	Орындалатын шығармалардың стильдік сәйкестігін түсінбеу: орындалатын шығарманың мазмұнын, формасын сапалы талдай білудің жеткіліксіздігі, орындау тәсілдерінің көркем образды бейнелеу құралдарына сәйкестігінің болмауы.	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, ғылыми аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Келесі емтиханға өтпейді.	0-6	Өтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтихан бойынша сұрақтар: kuanysh.ryskulov@mail.ru
 Оқуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Сметова А.А. 

Кафедра меңгерушісі: Джулдиева О.И. 